# Сындарлы оқытудың тиімділігі





Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» маңызды кешенді 3міндетінде : төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту..

Бірінші. Ең алдымен , білім беру жүйесінің роль өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз –білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.» деп көрсетілген .


Ойлан – жұптас – бөліс
Ойлан – жұптас – бөліс (Джесси Джентильдің диаграммасы)
Мұғалім сұрақ немесе тапсырма береді
Оқушылар ойланып, әр қайсы жеке жауап жазады
Оқушылар жұптарға бөлініп, өздерінің ең үздік деген сұрақтарын біріктіреді
Оқушылар өздерінің жаңа жақсартылған жауаптарымен сыныппен бөліседі

# Білім берудегі жаңа оқу бағдарламасы мына жеті модульді қамтыған


7 модуль
Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс - тәсілдер
Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау
Талантты және дарынды балаларды оқыту
АКТ
Жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру
Білім беруде басқару және көшбасшылық

# 1модуль
# Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс -тәсілдер

«Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйретуді» ғана карастырамыз, себебі олар әлеуметтік – сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. «Қалай оқу керектігін үйрету » немесе оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.


Диалогты оқыту әдісі:
Әңгіме – дебат
Топтық әңгіме
Әңгімелесу түрлері
Зерттеушілік әңгіме
Сұрақ қою

**1. Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік беріледі**
**2. Басқа адамдарда түрлі идеяалардың болатындығы оқушылардың түсінулеріне ықпал етеді;**
**3. Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;**
**4. Мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында оқушылары қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі.**

## Әңгіме-дебат барысында:

1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;

2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады;

3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады;

4) Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.

**Кумулятивтік әңгіме барысында байқалатын жайлар:**

**1) айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе береді;**

**2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылар өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдайды;**

**3) идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.**

# Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:

1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады

2) әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;

3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;

4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме
«көрінеді»;
5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де
мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу).


20–9:3
20–3
17
a·b–c:d
Көбейту және бөлу 16·5






20–9:3
20–3
17
1 3 2
a·b–c:d
Сынып жұмысы
Көбейту және бөлу 16·5, 80:5

***Мақсаты:*** *білім берудің бұл тәсілінде оқушылардың бір-бірімен білім алмасуын, оқушылардың бір бірімен қарым-қатынас жасауын, ойлау деңгейін, сөйлеу дағдысын арттыруды көздейді.*

*Оқушыларға өмірлік дағдыларды меңгерту барысында үнемі балалардың өміріне қатысты, қоршаған ортаға байланысты әрқилы жағдаяттарды қойып, балаларға өз бетімен шешуге ұсынуы, олардың тәуелсіз шешім қабылдауларына, өз ойларын ашық жеткізуіне, ұсыныс-пікірлерін ортаға еркін салуына жағдай туғызып отыруды талап етеді.*

# 2модуль.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету

Сын тұрғысынан ойлау-
оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей отырып, тұжырым жасау

Сын тұрғысынан ойлау –оқушы өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау, ой қозғай отырып, өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естігенін, білген білімін талдап, тұжырым жасауға бағыттау.

## СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ КЕЗЕҢДЕРІ

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

МАҒЫНАНЫ ТАНУ

ОЙ ТОЛҒАНЫС

# СТО СТРАТЕГИЯЛАРЫ

ТОПТАУ
КУБИЗМ
ОЙ ШАҚЫРУ
ВЕНН ДИАГРАММАСЫ
ЕРКІН ЖАЗУ
КЛАСТЕР
БЕС ЖОЛДЫ ӨЛЕҢ

# Блум таксономиясы

- Белгілі бір тақырып бойынша сыни ойлау тұрғысынан қарастырады
- Қарапайымнан күрделіге қарай 6 кезеңді қамтиды


БАҒАЛАУ
ЖИНАҚТАУ
ТАЛДАУ
ҚОЛДАНУ
ТҮСІНУ
БІЛУ

# ТӨМЕНГІ ҮШ ДЕҢГЕЙ ПИРАМИДАСЫ

| деңгей | қолданылуы |
|---|---|
| **БІЛУ** | **Өткен материалды есте сақтау,білу**<br>-**МЫСАЛЫ Терминдер,ереже,теория,формула** |
| **ТҮСІНУ** | **Негізгі идеяны түсіндіру,сипаттау**<br>-**АУДАРМА ЖАСАУ, ИНТЕРПРЕТАЦИЯ** |
| **ҚОЛДАНУ** | **Жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану** |

# ЖОҒАРҒЫ ҮШ ДЕҢГЕЙ ПИРАМИДАСЫ

| Деңгей | қолданылуы |
|---|---|
| **ТАЛДАУ** | **Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу, салыстыру, анықтау** |
| **ЖИНАҚТАУ** | **Ақпараттарды жүйелеу, жоспар жасау, шешім қабылдау** |
| **БАҒАЛАУ** | **Критерий негізінде жұмыс сапасын бағалау, дәлелдеп, қорытындылау** |

# Өз тәжірибиемде қолдану









# 3-модуль.Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

- ***Оқыту үшін бағалау (формативті бағалау)*** *білім алушылардың өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын , қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін және мұғалімнің қолданатын мәліметтерін іздеу және түсіндіру үдерісі.*


- ***Оқыту үшін бағалау (формативті бағалау)*** *білім алушылардың өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын , қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін және мұғалімнің қолданатын мәліметтерін іздеу және түсіндіру үдерісі.*

# 4-модуль. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық **технологияларды пайдалану. АТК**

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады.

# 5-модуль. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

***Талантты белгілі бір іс әрекетте жоғары деңгейде қабілеттіліктің болуы. Дарынды ол кез келген іс әрекетте жоғары қабілеттің болуы. Талант туа біткен болуы мүмкін.***

***Мысал: әртістік ,спорттық, музыка және басқа таланттарымен танылуы мүмкін. Сондай- ақ ол балалар бір салада дарынды болып басқа салада түсінігі төмен дәрежеде болу мүмкін.Олар даму кезеңдерінің бірінде өте қабілетті болса. Басқа салада қабілеті төмен болуы әбден мүмкін.Бұл дарындылықпен қабілеттіліктері мұғалім ата-аналар, топтың басқа мүшелері немесе балардың өздері анықтай алады.***

# 6-модуль.Оқушылардың жас ерекшіліктеріне сәйкес білім беру және оқыту

- Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан, педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді.

***Оқушыларды жас ерекшелігіне қарай  оқыту . Осы оқушыларға деңгейлік тапсырмаларды, күрделі тапсырмаларды ,  шығармашылық тапсырмаларды  жас ерекшеліктеріне қарай жеңіл түрде беріп отырамын***

***Нәтижесінде:*** ***тапсырмаларды  жас ерекшелігіне қарай орындату арқылы  оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға болады.***

# 7-модуль Білім берудегі басқару және көшбасшылық

Аталған модуль білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар накты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек деген тұжырымға сыйады. Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің өмірлік ұстанымыңызды таңдай білу, адамдық көшбасшылыққа негізделеді

Сөз соңында, қорыта айтарым, «Еңбексіз талант -тұл» дегендей уақыт көшінен қалмай, әлемнің дамыған алдыңғы мемлекеттерінің қатарына енуімізге өз үлесімізді қосып, ұрпақ алдындағы борышымызды шығармашылық еңбегімізбен жүзеге асыра беруге өз үлесімді қосуға ат салысамын.

«Даналыққа біз үш түрлі жолмен жетеміз, ең ізгі жол – санамен саралау, ең оңай жол – еліктеу, ең қиын жол – тәжірибеден тәлім алу». Конфуций